

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 – 2024 жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Қаңтар айы 2024 жыл**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: <i>Жүру.</i> Бір қалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жүппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүру <i>Тене-теңдікті сақтау.</i> Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан ақпай шалардың, қырлы ақпайдың бойымен жүру. <i>Жүгіру.</i> Бір қалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; <i>Домалату, лақтыру, қағып алу.</i> Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі - 1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) <i>Еңбектеу, өрмелеу.</i> Заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған ақпай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу; <i>Секіру.</i> 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру <i>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</i> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар. <i>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:</i> қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (біргенемесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; <i>Кеудеге арналған жаттығулар:</i> допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға-оңға) бұрылу; солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); <i>Аяққа арналған жаттығулар:</i> аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді

	сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату. Дербес қимыл белсенділігі. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігімен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеуде дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік еместөбеден сырғанау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей Өзіне-өзі қызмет көрсетуде дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту Сөздік қор. Балалардың сөздік қорының ойындармен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді -антонимдерді енгізіп қолдануды үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы.

	Сөздердіжіктелуіне,септелуінеқарайбайланыстыру,затесімдердіүстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды менгерту Байланыстырыпсөйлеу. Суреттерді,заттардықарастыруда,тіріжәнеөлітабиғатнысандарынбақылаукезінде,шығармалардытыңдағаннан кейінбалалардыалғанәсерлеріменбөлісуге үйрету.
Көркем әдебиет	Жаңаертегілерді,әңгімелерді,өлеңдердітыңдайбілуге,олардыңмазмұнындағыәрекеттердіңдамуынбақылауға,шығарманыңкейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу
Қазақ тілі	Тілдікдамытушыорта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауынажағдай жасау:өзінің алған әсері менқалауынбілдіруге,сәлемдесуде сыпайысөйлеуәдебінсақтауға үйрету. Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдаужәне түсінуді дамыту Сөздікқор. Қоршаған ортадағы күнделіктіжиі қолданылатын тұрмыстықзаттардың,жемістердің,жануарлардың,төрттүліктіңатауларынайтужәнетүсінудағдыларын қалыптастыру. Тілдіңграмматикалыққұрылымы. Жуанжәнежіңішкетүбірсөздердіажырату,олардыкөпшетүрдеқолдануғаүйрету.Бұйрықрайлыетістіктердіжекелейқолдануғабаулу(бар,кел, айт). Байланыстырыпсөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу
Математика негіздері	Сан. «Көп»,«бір»ұғымдарытуралытүсініктердіқалыптастыру қоршағанортаданбірнемесебірнешебірдей заттытабу,«қанша?неше?»сұрағынажауапберу. Шама. салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа,бірдей,тең,енібойыншакең-тар сөздеріменбелгілеу Геометриялық пішіндер Балаларды геометриялық фигура шаршыментаныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеугемүмкіндікберу. Кеңістікте бағдарлау Өзініңденемүшелерінбағдарлаужәнеосығанбайланыстыөзінеқатыстыкеңістікбағыттарынананықтауды пысықтау: алдында-артында Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсытәулікбөліктерінбағдарлауды бекіту:күндіз-түнде,таңертең-кешке.
Құрастыру	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер,кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға жәнеқолдануғаүйрету,бұрыналынғандағдыларды:төсеу,бекіту,қоюқолданаотырып,жаңа ғимараттар салу.
Сурет салу	Бірнеше көлденеңжәнетік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуді. бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түскесалмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған

	кылқаламдыжұмсақматаменнемесе қағазмайлықпенсүртіпкептірудіүйрету. Қызыл,сары,жасыл,көк,қара,ақнегізгітүстерменолардыңреңктерін жасап (қызғылт,көгілдір,сұр)қолдануды үйрету.
Мүсіндеу	Бірнешебөліктердіқосу,қысу,біріктіруарқылыөсімдіктердіжәнежануарлардымүсіндеудағдыларынқалыптастыру. Мүсіндеубарысындақауіпсіздіктісақтауға,ұқыптыболуғабаулу.
Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді кылқаламға, мұқият жағып алуды,жаймадағыдайынүлгігежағуды,желімніңқалдықтарынсүртугемайлықтықолдануды жетілдіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімдібекіту. Жапсырудатабиғиматериалдардыжәнеқағаздытүрлендіруәдістерін(жырту, умаждау,бүктеу,қатпарлау) қолдануды үйрету.
Музыка	Музыка тыңдау Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (маракас,асатаяқ,тұяқ,сырнай)дыбысталуынажырата білудіжетілдіру. Ән айту. Әнайтудағдыларындамытуғаықпалету:ре(ми)—ля(си)диапазонында,барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды, сөздерді анық айту, әннің сипатынжеткізуді(көңілді,созып,ойнақы айту) үйрету Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыныменсипатынасәйкес бір-бірден,жұппен ырғақтықимылдарорындауды. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерліжәне эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоянсекіреді,кұстарұшады. Балалармузыкалықаспаптарындаойнау. Балалардымузыкалықаспапмаракаспен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалықаспаптыырғақпенқағыпойнаудыңқарапайымдағдыларынмеңгеругеықпал ету.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала,оныңотбасы,үйі. Балалардыотбасыбейнеленгенфотосуреттердіқарауға үйрету Заттықәлем. Заттар, ойыншықтар,кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Көлік,байланысқұралдары. Жаяу жүргіншілерге арналғанқарапайымережелермен таныстыру Еңбеккебаулу. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетінеқажеттіматериалдарды,құрал-жабдықтардыдайындауға,қолданыпболғансоң ойыншықтарды,кітаптарды,заттардыорнынажинауғабаулу. Адамгершілікжәнепатриоттықтәрбие. әлеуметтік жәнеэмоционалдызияттытәрбиелеу:балалардыңназарынадамныңжекеқасиеттеріне(қамқор,сезімталжәнеіскер)аудару МеніңОтаным–Қазақстан.

Балабақшада, үйде, көшеде тәртіпсақтауға баулу. Балаларды әдептіқарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.

Өсімдіктер әлемі.

бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атауын қалыптастыру

Жануарлар әлемі.

Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,

табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылаудағыларын қалыптастыру.

Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.

Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді меңгерту.

Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау

серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен ойындарда қауіпсіз әрекет етуде дағдыларын қалыптастыру

